



Т

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№41(1883)

Жұма, 17-қазан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті



ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
ЗАСЕДАНИЕ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ПАРЛАМЕНТСКОЙ РЕФОРМЕ
АКТОБДА, 2025

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Құрметті жиынға қатысушылар!

Бүгін біз Парламенттік реформа бойынша Жұмыс тобының алғашқы отырысына жиналды. Өздеріңіз білесіздер, өткен аптада арнайы Жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойдым. Парламенттік реформа – еліміздің алдында тұрған аса маңызды, жауапты жұмыс. Жолдауымда бұл мәселе азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет деп нақты айттым. Бүгін, міне, бірінші отырысымызда Парламенттің, Президент Өкімшілігінің, Үкіметтің және саяси партиялардың өкілдері, заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бар. Бәрі де елге танымал азаматтар, түрлі саланың мамандары. Тағы да қайталап айтық келеді: Парламенттік реформа – еліміздің, халқымыздың тағдырына тікелей қатысы бар мәселе. Жұмыс тобының әр мүшесі осы тарихи міндетті дұрыс түсініп, белсенді жұмыс істейді деп сенемін.

Баршаңызға мәлім, елімізде түрлі бағытта ауқымды өзгерістер жасалуда. Бір ел болып саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Осы өзгерістер жалғасын табуы керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту стратегиясын «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай жүргізе беру маңызды. Бұл – елімізде Президенттік билік жүйесінің тиімділігі сақталады деген сөз. Жалпы, бір палаталы Парламентке көшу халықаралық үрдіске толық сай келеді. Әлем елдерінің үштен екісінде осындай парламенттік жүйе қалыптасқан. Дәл қазір бізге керегі – ортақ ұстаным және парасатты, салмақты ұсыныс. Сондықтан барлық ой-пікірді, ұсынысты мұқият зерттейміз, егжей-тегжейлі қараймыз.

Құрметті Жұмыс тобының мүшелері!

Бір палаталы Парламент құру туралы бастама инновациялық саяси шешім болды. Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жа-

сай салуға болады» деген пікірлер де бар. Шын мәнінде, қай жағынан алып қарасақ та, мәселе өте өзекті. Азаматтарымыздың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны – жақсы үдеріс.

Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл – мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным.

Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заңға және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Әрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек.

Сондықтан алдағы реформаның кейбір концептуалды тұстарына қатысты ой-пікірімізді білдіргім келеді.

Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді.

Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына кепілдік берілді.

Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-

бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғым келеді: Парламентті реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллекті енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады.

Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта е-Parliament қазіргі электрондық үкімет – е-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындайды, е-Parliament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр.

Бұл ретте болашақ депутаттар

корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Парламент – Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді айшықтайтын маңызды құрылым. Бұл ешқашан өзгермейтін ақиқат, алдағы уақытта да солай болып қала береді.

Жалпы, реформаның негізгі мақсаты, соған сәйкес істелуге тиіс жұмыстың бағыт-бағдары туралы Жолдауда кеңінен айтылды.

Референдумға дейін атқарылатын жұмыстың бәрін мұқият ойластырып, байыппен жүргізу қажет. Білікті мамандар өз ойларын ашық айтып, тиімді ұсыныстар беруі керек деп санаймын. Түпкілікті шешім, яғни қоғам пікірі дұрыс болуы үшін осы мәселеге қатысты айтылатын әрбір ой-пікір де әбден тексерілген, екселген, жан-жақты сарапталған болуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан Жұмыс тобы өз міндетін нағыз кәсіби ұстанымға сай атқаруға тиіс. Атап айтқанда, «Е-Отinish» және «Е-Gov» порталдары арқылы келіп түскен барлық ой-пікірді сараптап, зерделеу қажет. Біз Әділетті мемлекет ретінде әр азаматтың ортақ іске пайдалы болатын ұсынысын ескеруіміз керек. Ата заңға енгізілетін әрбір өзгеріс мұқият пысықталып, дайындалуға тиіс. Әр баптың, әр норманың мән-мағынасына терең бойлаған жөн, яғни құқықтық, процедуралық мәселелерді нақты айқындап алуымыз қажет. Бұдан бөлек, басқа да көптеген мәселе пайда болуы мүмкін.

Қысқасы, алдымызда тұрған шаруа – өте ауқымды. Жұмыс тобына үлкен сенім артылып отыр. Істеріңізге сәттілік, табыс тілеймін!

www.akorda.kz



ТАБИҒИ ЛАНДШАФТТЫ САЯБАҚ

Жетісу облысында табиғи ландшафты сақталған саябақ жасалды. Оның тағы бір ерекшелігі сол, бұл демалыс орнына «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркте өсетін ағаштар отырғызылып, оны мекендейтін жануарлардың мүсіндері орнатылған. Ол «Қойтас» ұлттық парктің флорасы мен фаунасынан кеңінен хабар береді.

Аумағы 6 гектарды құрайтын «Қойтас» саябағы Сарқан ауданының Сарқан қаласында орналасқан. Саябақты абаттандыру облыс құрылғаннан кейін қарқынды қолға алынды. Оған дейін мұнда орындықтар, жарық шамдары, спорт алаңдары жасалып, жаяу жүргіншілер жолына плитка төселген еді, сол сияқты Сарқан өзенінен өтетін аспалы көпір болған.

Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда, соңғы жылдары парктің кіреберісінде өзен жағалауымен оң және солға жүретін «Денсаулық» жағажайы, яғни жалпы ұзындығы 1 км жуық серуен алаңы жасалған. Сол сияқты жарық шамдары орнатылды, балалар ойын және воркаут алаңдары салынды. Ал парк ішіндегі жаяу жүргіншілер жолы, балалар алаңы мен спорт алаңдары, скейтборд алаңы, орындықтар, жарық шамдары, беседкалар, субұрқақ көз қуантады. Оған қоса бейнебақылау камералары орнатылған. Түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған, 400 адам сиятын амфитеатр салынды.

- «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Қойтас» саябағында 1100-ге жуық қарағай, туя, көгілдір шырша және басқа да ағаш түрлері мен бұталар отырғызылды. Жалпы саябақта екі шолу алаңы салынған, оның біреуі - саябақты, екіншісі - Жоңғар Алатауын көруге мүмкіндік береді. Екінші шолу алаңы оған қоса таудың фонында фотосуретке түсетін аймақ ретінде де танымал. Жалпы біз өңірге туристер тартуда «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркімен бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Ұлттық саябақта өсетін өсімдіктерді «Қойтасқа» отырғызып, ондағы жан-жануарлардың мүсіндерін орнаттық. Қазіргі кезде арқардың, барыстың

бейнесі қойылды, бұл жұмысты жалғастырамыз. Алдағы уақытта Сиверс алмасы отырғызылады. Тұтас алғанда бұл жер шағын ботаникалық баққа айналады деп ойлаймыз. Сондықтан оған алыстан көз жіберуге болатын, иректеліп келген үшінші шолу алаңын салып жатырмыз. Сонымен қатар парк аумағында кәсіпкерлер тарапынан ашылған сауда аумақтары бар. Басты талап – ішімдік сатуға тыйым салынған. Бұл табиғи саябақ арқылы өлкеміздің табиғи сұлулығын, мәдени байлығын, толымды тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізсек екен дейміз, - дейді Сарқан қаласының әкімі Амантай Орынбеков.

Саябақта бүгінгі күні жануарлардың, ұлттық аспаптардың, сол сияқты ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері, жалпы саны 11 кіші архитектуралық форма қойылған. Сарқан өзеніндегі тас үстінде русалканың мүсіні бар. Атап өтерлігі, саябақтағы жасыл желек үшін тамшылап суару жүйесі орнатылды. Келесі жылы үлкен автотұрақ салу және жыл бойы пайдаланылатын сырғанақ салу жоспарда бар. Алдағы уақытта ағаш отырғызу және шағын архитектуралық формалар орнату ісі жалғасады.

Саябаққа жиі келетін қала тұрғыны пікір бөлісті:

- Біз бала күнімізде өзеннің маңында серуендеп, ойнайтынбыз. Осы маңға ата-анамыз қонақтарды да ертіп келетін. Әр түрлі пішіндерімен көз тартатын тастарға қызығатынбыз. Бұл тастарға қатысты аңыз әңгімелер де көп, олардың мұнда жатқанына ғасыр болды деседі. Қазір осы орынды заманға сай көркейтіп қана қоймай, табиғи ерекшелігін сақтап қалғанына қуанамыз. Сөйтіп бұл қаламыздың тұрғындары мақтанышпен айтатын, рахаттана демалатын орынға айналды, - дейді Айзада Бекетқызы.

Еске салсақ, Сарқан қаласы жуырда облыста «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өткізілген байқауда «Үлгілі аудан орталығы» номинациясын жеңіп алған болатын.

Жалпы облыс көлемінде аумағы 296,3 га болатын 132 саябақ, сквер, аллея болса, соның ішінде 11-і Сарқан ауданында орналасқан.

Фото: Қанат БАЙДРАХЫМОВ

ЖЕТІСУ – МАЛ ҚЫСТАТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Жетісу облысында жем-шөп дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Дәл қазір аймақта мал қыстату маусымына арнап 2 млн. тоннадан астам шөп, сүрлем және жем түрлері дайындалды. Ал облыстағы малдың басы 2,7 миллионнан асты.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы таратқан мәліметке қарағанда, биыл 2 миллион 236 мың тонна жем-шөп дайындау жоспарланған. Бүгінгі күнге 2 млн. 270,1 мың тонна жем-шөп жиналды. Бұл ме-желеген жоспардан артық. Атап айтқанда, 1 млн. 324,6 мың тонна шөп, 327,6 мың тонна сабан, 203,0 мың тонна сүрлем, 292,3 мың тонна құрама жем, 122,6 мың тонна сенаж бар.

«Диқандардың қолындағы техниканың арқасында қысқа қажетті жем-шөпті толық дайындауға мүмкіндік бар. Мал қыстату маусымына дайындық әлі де жүріп жатыр, бүгінгі күні шөп пен сенаж толық жиналды, сүрлем, сабан және құрама жем дайындау жұмыстары жақын күндері аяқталады. Осылайша аймақтағы төрт түлік алдағы қысқа қажетті жем-шөппен толық қамтылады», - деп хабарлайды басқарма мамандары.

Дегенмен биылғы 8 айдың ішінде аймақтағы төрт түліктің саны 2 млн. 738 басқа жетті. Оның ішінде ірі қара 555,6 мың бас, қой мен ешкі 1,9 млн. бас, жылқы 224,9 мың бас, түйе 2,2 мың бас. Биылғы



жыл үшін аймақтағы мал шаруашылығын дамытуға 4,6 млрд. теңге субсидия берілді. Бұл қаржы мал басын асылдандыруға, ет өндіруге және сүттің бағасын тұрақтандыруға жұмсалған.

Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, нарықты етпен және сүтпен қамту үшін бүгінгі күні облыста 25,7 мың басқа арналған 70 бордақылау алаңы және 8,3 мың басқа арналған 36 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сондай-ақ 2 млрд. теңге сомасына 3 ірі тауарлы сүт фермасы 1190 басқа кеңейтілді. Одан бөлек, Ақсу ауданында жылына 1500 тонна етті айналымға шығаратын 200 басқа арналған мал бордақылау алаңының құрылысы жеке инвестицияның қолдауымен аяқталуға жақын.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

АУЫЛДАРДЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында өңірлерге азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қайтарылған активтер есебінен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан Жетісу облысындағы сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға және құрылыс жобаларына 480 млн теңге бөлді.

Жоба бойынша Алакөл ауданының Қоңыр ауылында ұзындығы 17 шақырым су желісін тарту және Қаратал ауданының Ұмтыл ауылында 4,8 шақырым су желісін жүргізу жоспарланған. Нәтижесінде, мыңнан астам ауыл тұрғыны ауыз сумен қамтылады.

Биыл Жетісу облысында сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту және салу бойынша барлығы 18 жоба жүзеге асырылып жатыр.

2025 жылдың соңына қарай өңірдегі орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған ауылдардың үлесін 99,9%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл – 329 ауыл мен шамамен 697 мың облыс тұрғыны.

ҚР Үкіметінің телеграм каналы

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПҚА КӨМЕК

Жетісу облысында бүгінгі таңда өрттің алдын алу іс-шаралары мен үй аралау жұмыстарымен әлеуметтік осал топтағы 7616 отбасы қамтылды. Осы санаттағы отбасы үйлеріне газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик орнату жоспарланған. Бүгінгі күнге соның 820-сы орнатылды.



Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, датчиктер Кербұлақ, Ескелді, Сарқан, Панфилов, Ақсу аудандарында қойылған. Жалпы Департамент тарапынан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілуде. Оның аясында мемлекеттік органдар мен еріктілер ұйымдарының қатысуымен рейдтік тексерулер, тұрғындармен кездесу, білім беру мекемелерінде интерактивті сабақтар өткізілуде.

Төтенше жағдай саласының қызметкерлері Талдықорған қаласындағы «Қызылтас» саяжайында тұратын әлеуметтік осал топтағы отбасы үйлерін аралап, пеш мұржаларын тазалады, датчиктер орнатты, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар рейд жұмыстарына «ТАТЭК» АҚ мамандары да тартылып, олар үйлердегі электр желілерінің жұмысын тексерді.

- Жетісу облысында жеке тұрғын үй секторларында жылыту маусымында өрттің алдын алу шаралары кеңінен атқарылуда. Халық арасында түсіндіру жүргізіліп, өсіресе жылыту құрылғыларының жұмысы, пеш жағу ережелерін түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Биыл әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасы үйлеріне орнату үшін газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик сатып алу жоспарланған, соның 1720-сы сатып алынды, қалғаны қазан айының соңына дейін сатып алынады, құрылғыны орнату жұмыстары жалғасып жатыр, - деді Жетісу облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғаныс капитаны Еламан Әубәкіров.

Аталған шараларға қатысты жергілікті тұрғындар да пікір білдірді.

- Үйімізге тегін датчик қойып, пештің мұржасын тазалап берді. Төтенше жағдай қызметкерлері жыл сайын осылай көмектеседі. Жасым егде адам болғандықтан, жылыту маусымында маған осындай жұмыстарды атқаруға көмек қажет, сондықтан мұндай жұмыстардың атқарылып жатқанына ризамыз, - дейді жергілікті тұрғын Кәкімаш Оразбаева.

Атап өтсек, жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт оқиғаларының саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,2 есеге азайған.

Фото: Александр СКЛАБОВСКИЙ, Жетісу облыстық ТЖД

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА
ИСТОРИИ УСПЕХА С ПРОГРАММАМИ «ДАМУ»

На днях Фонд развития предпринимательства «Даму» организовал пресс-тур для представителей средств массовой информации области Жетісу, которые получили «живые» бизнес-кейсы от предпринимателей, ставших участниками программ Фонда.

ТРАНСФОРМАЦИЯ ФОНДА
Как сообщили организаторы мероприятия, Фонд «Даму» (дочерняя организация НУХ «Байтерек») продолжает оказывать государственную поддержку предпринимателям через три ключевых инструмента: льготное финансирование, гарантирование по займам при недостаточности залога и субсидирование части процентной ставки.

- В этом году Фонд проходит масштабную трансформацию. При этом привычные предпринимателям инструменты сохранены, но качественно изменена их внутренняя структура, чтобы они работали быстрее и приносили больший эффект. Фонд осуществляет постепенный переход от нерыночных механизмов поддержки к более устойчивым и долгосрочным мерам, - отметил директор регионального филиала Фонда развития предпринимательства «Даму» по области Жетісу Алимхан Тлеужанов.

Так, по его словам, в июне этого года была запущена программа льготного кредитования «Өрлеу». Данный инструмент призван стать эффективной альтернативой субсидированию процентных ставок и позволит предпринимателям получать финансирование без задержек. Условия привлекательны: фиксированной процентной ставкой - 12,6% на срок кредита до 10 лет. В регионе по этой программе с начала года поддержано 17 проектов на общую сумму кредита 4,3 млрд тенге.

По инструменту гарантирования в текущем году по поручению Главы государства были запущены два Гарантийных фонда для проектов стоимостью до и свыше 7 млрд тенге. Теперь при нехватке у предпринимателя залогового обеспечения Фонд «Даму» выдает гарантии для проектов до 7 млрд тенге в очень короткие сроки - в течение 2 рабочих дней благодаря портфельному гарантированию. Гарантия распространяется на кредиты, лизинговые сделки и на исполнение контрактов, покрывая до 85% от суммы кредита, но не более 3,5 млрд тенге. В области Жетісу за 9 месяцев 2025 года



подписано 140 договоров гарантий на сумму кредитного портфеля 10,8 млрд тенге, из которых гарантия Фонда составила 6,1 млрд тенге. Наибольшая доля проектов приходится на обрабатывающую промышленность, сельское хозяйство, транспорт и складирование, образование и торговлю. К слову, на фоне традиционного доминирования сферы услуг и торговли наблюдается устойчивый рост обрабатывающей промышленности.

- Социально-экономический эффект реализации программ Фонда в области ежегодно растет. Так, в 2024 году объем выпуска продукции по региону составил 435 млрд тенге, налоговые поступления от предприятий превысили 23 млрд тенге. Кроме того, было сохранено и создано более 3,1 тысяч рабочих мест. Так как ключевую роль в развитии экономики играет малый и средний бизнес, наша задача сделать так, чтобы инструменты господдержки помогли предпринимателям развиваться, создавать рабочие места и укреплять свои позиции на рынке. Это напрямую влияет на устойчивость региональной экономики и качество жизни людей, - подчеркнул директор филиала.

ГАРАНТИЯ НА ПОЛУЧЕНИЕ ГРАНТА
Одним из участников программы Фонда «Даму» является ТОО «Innoverse Taldykorgan» - частная школа в областном центре, основанная в 2019 году и готовящая учащихся 10-11 классов к



сдаче ЕНТ и поступлению в ведущие казахстанские и зарубежные вузы. В частности, журналисты посетили новое 5-этажное здание, расположенное на улице Абылай хана. Всего в городе имеются три отдельных здания школы, где учатся 1050 старшеклассников.

- Сюда мы въехали в декабре прошлого года. В настоящее время у нас обучаются 350 детей с казахским языком обучения, преподают 25 учителей и работают 10 кураторов - классных руководителей, проводящих весь день со своими классами и работающими как с детьми, так и с родителями. Через Фонд «Даму» мы получили поддержку в рамках программы «Гарантированный фонд» и получили кредит в АО «Банк ЦентрКредит» на пополнение оборотных средств. Это позволило приобрести оборудование и мебель на создание комфортных условий для учеников. Если интерактивные доски мы купили за границей, то парты и стулья - у отечественных производителей по индивидуальному заказу, - рассказал директор школы Айдар Турабаев.

Кроме всего, по его словам, школа первая по области открыла в Талдықоргане центр «IELTS» - это программа международной системы оценки знания английского языка, необходимая для поступления в зарубежные вузы. Здесь тесты могут сдавать не только ученики данной школы, но и других учебных заведений городов и районов региона, а также отдельные физические лица. Для учащихся 9 классов есть

программа «Foundation» для подготовки к выпускным экзаменам и поступления в зарубежные образовательные заведения, принимающие именно после 9 класса. Для этого они углубленно изучают английский язык, математику и задачи на логику. Ученики же 5 классов могут подготовиться к поступлению в НИШ и ведущие лицей города.

Хорошо поставлена профориентационная работа с учениками и родителями, способствующая осознанному выбору направления обучения. Ее проводят как тренер школы, так и специалисты извне. К слову, в этот день будущие выпускники встретились с командой преподавателей Алматинского технологического университета.

Как подчеркнул Айдар Турабаев, ежегодно школу оканчивают порядка 600 выпускников и у них гарантированный грант. Они чаще всего выбирают такие направления, как медицина, IT, физика, математика, география. Если дети не смогли поступить на грант, то им возвращается полная стоимость обучения, но таких случаев не было, и это следствие качественного образования.

ВЕДУЩИЙ ХЛЕБОКОМБИНАТ ТАЛДЫКОРГАНА

Следующим объектом посещения стало талдықорганское ТОО «Sardar Export», основанное в 2012 году.

- Изначально был открыт мукомольный комбинат, специализирующийся на переработке зерна и производстве муки высшего, первого и второго сортов



под торговой маркой «Алтын емел». Его производственная мощность - до 75 тысяч тонн муки в сутки, поставляемой в пекарни области. После маркетингового исследования в 2018 году было принято решение открыть хлебопекарню. Ее мощность составляет 25 тысяч тонн хлеба и хлебобулочных изделий в сутки. Ассортимент продукции разработан с учетом разнообразных предпочтений потребителей. Все используемое оборудование импортного происхождения: Россия, Италия, Турция, - отметил исполнительный директор предприятия Диас Максатов.

По его словам, при поддержке Фонда «Даму» ТОО «Sardar Export» получило кредит на пополнение оборотных средств: в 2023 году приобрели 4 автотранспорта и довели автопарк до 9 машин, в текущем году в рамках программы льготного кредитования «Өрлеу» купили зерно.

В настоящее время на предприятии трудятся более 60 квалифицированных специалистов. Хлебокомбинат обслуживает более 450 торговых точек, а также многочисленные социальные объекты в городе Талдықорган, моногороде Текели, а также в близлежащих селах Ескельдинского и Коксуского районов. Активно участвует в направлении сдерживания роста цены на хлеб, как социально значимого продовольственного товара.

В целом, на сегодняшний день Фонд «Даму» профинансировал около 3700 проектов предпринимателей области Жетісу на сумму 222,9 млрд тенге, при этом 56% кредитного портфеля приходится на микро- и малый бизнес, включая стартапы. Поэтому поддержка Фонда - это не только финансовые инструменты, но и вклад в развитие региональной экономики.

Алма УРАЗАЕВА

ОБЩЕСТВО РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ
ТРИУМФ ДУХА ВАДИМА ДРУЗИНА

Член городского Общественного совета, талдықорганец Вадим Друзин - человек, который своей судьбой и примером показывает, что даже самые тяжелые жизненные испытания могут стать началом нового пути.

14 лет назад он попал в аварию, получил серьезную травму позвоночника и долгое время боролся за жизнь. Почти два месяца находился без сознания в реанимации, затем 11 месяцев был прикован к постели, из которых четыре - в горизонтальном положении.

- Благодаря Всевышнему, родных и друзей, которые все это время были рядом и не дали мне сломаться, - вспоминает Вадим Викторович. - После таких испытаний начинаешь по-настоящему ценить саму жизнь, вещи, которые не измеряются материальными благами.

В 2013 году он устроился юристом в Общественное объединение инвалидов «ELSTAR», главным направлением деятель-



ности которого является проведение групповых психологических тренингов по улучшению качества жизни людей с инвалидностью с выездом на лоно природы и организацией угощения.

- Есть люди, которые с начала основания объединения и по

сей день поддерживают с нами связь. Многие из них побороли свои страхи, самореализовались в социуме, создали семьи, добились успехов в спорте. Я всегда говорю им, что они, прежде всего, люди, а инвалидность той или иной группы - это второстепенное. Призываю не отчаиваться, искать себя и находить, - делится мнением Вадим.

По его словам, в Казахстане уже созданы важные условия для этой категории граждан: государство обеспечивает пособия, предоставляет индивидуальных помощников, открывает спортивные секции, инвентаризацию, проводит реабилитацию и поддерживает психологически.

- Я обращаюсь к людям и детям с особыми потребностями: занимайтесь спортом, используйте все возможности, которые есть. Это помогает укрепить не только физическое здоровье, но и духовное развитие, - также отмечает он.

В рамках проекта «Дорожная карта по доступности для маломобильных групп населения» Вадим Друзин участвует в мониторинговых группах, которые проверяют социальные объекты на предмет соблюдения норм до-

ступности. Так, недавно в спортивном магазине «Декатлон» был установлен пандус в соответствии с казахстанскими стандартами. Благодаря руководству магазина за понимание и быстрое решение - всего за два дня была создана доступность для людей с особыми потребностями, он сетует, что не все предприниматели и объекты демонстрируют такую же готовность, как к примеру, торговые дома «Даулет», «Көк базар», «Хабиб».

- К сожалению, количество людей в инвалидных колясках с каждым годом растет: если в 2015 году только в Талдықоргане их насчитывалось более 700 человек, то уже в этом году - более одной тысячи. И что омрачает - среди них очень много подростков и молодых ребят. Поэтому хотелось бы, чтобы люди здоровые обращали внимание на людей с особыми потребностями, пожилых, проявляли в отношении них милосердие, тепло и заботу, а не проходили мимо с равнодушием. Важно помнить, что мы все гости в этом мире, - добавляет Вадим Друзин.

А. ЖАНДОСҚЫЗЫ



ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕНБІЛІК



Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында кең ауқымды жалпыреспубликалық сенбілік ұйымдастырылды.

Шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, қала әкімі Ернат Бәзіл, еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, мәслихат депутаттары, еріктілер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысып, «Аялы алақан» скверінде ағаш отырғызу акциясын өткізді.

Сенбілік барысында ағаш көшеттерін отырғызумен қатар, қала аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді: қоқыс жиналып, гүлзарлар мен ағаштардың маңайы ретке келтірілді, қоғамдық орындар, демалыс сабақтары, аулалар мен көшелер абаттандырылды.

Жалпы сенбілікке 3 мыңнан астам адам қатысып, 25 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 320 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Сенбілік аясындағы экологиялық шара алдында өңір басшысы облыстық «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Соның ішінде Талдықорған қаласындағы «Жұлдыз» шағын

ауданының №25 және №27 тұрғын үйлерінің жай серіктестігі «Үлгілі аула» аталымы бойынша ерекше танылды.

Айта кетейік, сенбілік аясында «Аялы алақан» скверіне 500 түп жапырақты және қылқан жапырақты ағаш көшеттері отырғызылды.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – ӨЗЕКТІ

Талдықорған қалалық мәслихатының «Экономика, қаржы мәселелері және бюджет жөніндегі» тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті. Отырысты тұрақты комиссия төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Анарбек Монғолхан жүргізді. Іс-шараға уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Отырыста Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 12 ақпандағы №16-93 «Талдықорған қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімінің 2024-2025 жылдары қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген ықпалы жөнінде жергілікті атқарушы органның және қалалық кірістер басқармасының ақпараты тыңдалды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының



2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII ҚРЗ Салық кодексіне сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі бойынша жеке және корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін өзгерту мәселесі талқыланды.

Өз тілшіміз

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл облыс орталығында жүріп жатқан жол жөндеу жұмыстарының барысын арнайы аралап, бірқатар ескертулер жасоды.



Бірінші болып Шевченко-Құрманов көшелеріндегі жұмыстар назарға ілінді. Еске салсақ, ағымдағы жылы «Талдықорған қаласында сумен жабдықтау

және су бұру желілерінің құрылысы» жобасы аясында аталған учаскеде «Диас Проект» ЖШС мердігер ұйымы тарапынан су бұру желілерін төсеу жұмыстары жүргізілген болатын. Қала әкімі жер қазу жұмыстарынан кейінгі асфальттың қалпына келтірілмегенін көріп, мердігер мекеменің жұмысын сынға алды.

«Халықтың күнделікті жүретін жолы бұл бірінші кезектегі мәселе. Жауапкершілікті сезініп, бір апта ішінде көшелерді толық қалпына келтіруді тапсырамын. Бұл жерде сапа мен уақыт басты талап», – деді Ернат Бәзіл.

Бұдан кейін әкім Қабанбай батыр және Рүстембеков көшелеріндегі орташа жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Мұнда да құрылыс қарқынының баяу жүріп жатқаны сынға ілікті.

«Жол жөндеу жұмыстарының мерзімі созылып кетпеуі керек. Қаланың әрбір тұрғыны сапалы жолмен жүруге құқылы.

Мердігерлер жұмысты шұғыл түрде жандандыруы қажет. Ал жауапты бөлімдер қатаң бақылауға алын», – деп тапсырма берді қала басшысы.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андобековтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.



Күн тәртібінде 4 мәселе қаралып, Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық пробле-

малық жағдайына назар аударылды.

Басқосу қорытындысы бойынша мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАРҒА ҚҰРМЕТ

Егемендік алған тұстан бері елімізде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және қоғам өміріне толыққанды араласуын қамтамасыз ету бағытында бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылып келеді. Әрбір жанның тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету мемлекеттің басты қағидаларының бірі. Бұл азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси өмірге толыққанды қатысуын қамтамасыз етуің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.



Мүгедектігі бар азаматтар күніне орай салтанатты жиын және ерекше қажеттіліктері бар жандардың қолөнер туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Шараға қатысқан Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл ерекше қажеттіліктері бар жандарға жасалып жатқан жағдайлар мен әлеуметтік бастамалар туралы айтып, бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді. «Бүгін мүгедектігі бар азаматтардың қоғамдағы орнын айқындайтын, олардың өмірге құштарлығын, өнерге деген ықыласын көрсететін ерекше күн. Осы маңызды күн аясында ұйымдастырылып отырған ерекше қажеттіліктері бар жандардың қолөнер туындыларынан шыққан көрмені тамашалаудамыз. Бұл көрме – тек шығармашылық туындылардың жиынтығы ғана емес, бұл қажырлы еңбектің, төзім мен таланттың көрінісі. Бүгінгі шара бірлік пен жанашырлықтың, тең мүмкіндіктер қоғамын құру жолындағы нақты қадамның көрінісі. Алдағы уақытта да сіздердің игі бастамаларыңызды қолдап, шығармашылықты дамытуға жағдай жасауға дайынбыз», – деді қала әкімі өз сөзінде. Мерекелік жиын барысында ерекше күтімді қажет ететін жандарды қолдау мен әлеуметтік бастамаларды дамытуға үлес қосқан әр саланың 10-ға жуық белсенді азаматы Алғыс хатпен марапатталды. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлінуде. Оларға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында атқарылып жатқан игі жұмыстар қатары аз емес. Бүгінде өңірімізде ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолжетімді орта қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Инфрақұрылым нысандары пандустармен, бейімделген көтергіштер және есту мен көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған тактильді тректермен жабдықталуда.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласында Мүгедектігі бар азаматтар күніне орай қала әкімдігінің мәжіліс залында арнайы шара өтті.



Шара барысында Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы Ербота Садырқұлов ерекше қажеттілігі бар азаматтардың құқығын қорғау және өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қосып жүрген үкіметтік емес ұйымдардың белсенді мүшелерін марапаттады.

Шара аясында 10 қоғам белсендісі мүгедектігі бар жандарға көрсеткен қолдауы мен әлеуметтік өмірге бейімдеудегі еңбектері үшін арнайы Алғыс хаттармен марапатталды. Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы Ербота Садырқұлов:

«Мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау мен қолдау қоғам алдындағы маңызды міндет. Бұл бағытта үкіметтік емес ұйымдардың рөлі өте жоғары. Олар күнделікті еңбегімен мыңдаған адамның өмірін жақсартуға үлес қосып келеді. Біз олардың осы еңбегін әрдайым бағалап, қолдаймыз», – деп атап өтті.

Айта кетейік, бүгінде Талдықорғанда 100-ден астам үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді, олардың басым бөлігі мүгедектігі бар азаматтарға көмектесуге бағытталған.

Мұндай шаралар қоғамдағы инклюзивтілік мәдениетін дамытуға және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға септігін тигізеді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «Жанұя» ОРТАЛЫҒЫ

Республика күні қарсаңында Талдықорғанда маңызды әлеуметтік нысан «Жанұя» отбасын қолдау орталығы ашылды. Салтанатты рәсімге қала әкімі Ернат Бәзіл, жергілікті билік және азаматтық сектор өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.

Орталық заманауи стандарттарға сай жабдықталған. Мұнда 10 адамға арналған жайлы жатын бөлме, балаларға арналған ойын және дамыту бөлмесі, психолог кабинеті, кеңес беру бөлмелері мен фитнес залы бар. Орталықта 15 тәжірибелі маман қызмет атқарады. Мекеменің басты миссиясы – өмірлік қиын жағдайға тап болған аналар мен отбасыларға жан-жақты көмек көрсету. Мұнда келушілерге құқықтық, психологиялық және әлеуметтік бағыттар бойынша 12 түрлі қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар, қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға 1 ай мерзімге дейін уақытша баспана беріліп, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасалады. Яғни, құжаттарын рәсімдеу, ақпараттық, заңгерлік көмек көрсету, жұмысқа орналасу, кәсіптік даярлау, біліктілігін арттыру және өзге де әлеуметтік қолдау шаралары атқарылады. Ашылу салтанатында Ернат Дүйсенбекұлы «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа Жолдауында еліміздегі демографиялық саясаттағы өзекті мәселелерді көтеріп, осы бағытта жүйелі әрі ұзақмерзімді шешімдер қабылдаудың маңыздылығын



атап өтті. Бұл бастамалар қоғамның тұрақты дамуы мен ұлт болашағын қамтамасыз етуге негізделген шаралар. Осы орайдағы «Жанұя» орталығы отбасыларды қолдауға, олардың береке-бірлігін нығайтуға және әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған әлеуметтік орталық. Сондай-ақ, орталық аясында енгізілетін «Отбасылық цифрлық



картасы» жобасы отбасылардың әлеуметтік жағдайын нақты бағалап, қажетті мемлекеттік қолдау шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік беретін заманауи құрал. Бұл бастама әлеуметтік қызметкерлердің сапасын арттырып, тұрғындарға көрсетілетін көмекті жедел әрі әділ жеткізуді көздейді»-деп атап өтті. Айта кетерлігі, бұл ғимарат бұған дейін мемлекет меншігіне қайтарылған. Кейін облыс әкімі Б.Исабаевтың шешімімен әлеуметтік мақсатта қайта қалпына келтіріліп, тұрғындардың игілігіне берілді. «Жанұя» орталығы алдағы уақытта жергілікті қоғамдастықтармен, білім және денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесе отырып, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарға нақты көмек көрсетуді жоспарлап отыр.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Ардагерлер - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Шаһарымыздың І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Қарттар күні» мерекесіне орай «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты ардагер әншілер байқауының Гала концерті өтті.



Ақсақалы бар ел азбайды. Аға буын ежелден кемеңгерлігімен, әділдігімен елдің жағдайын реттеп, қоғамдық-саяси өмірде белсенді болып келеді. Соның арқасында қазақ өз тұғырында қалып, беделін бекемдей түсті. «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз абзал», - дейді Ататүрік. Қазақ баласы салт-дәстүрлерді туғаннан бойына сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа тәлім-тәрбиесі, әрекеттері арқылы жеткізіп, өзінің ұлттық бейнесін сақтап қалған. Үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетіп, елдіктің діңгегін нығайтатын ұлттық құндылықтарымызды дәріптей түскен.

«Арқалы ауыл ақсақалымен баянды» дегендей, шараның шымылдығын ашқан Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталып өтті. Бүгінде Талдықорған қаласындағы зейнеткерлер саны 28 мыңнан асқан. 5 ірі ардагерлер орталығы, 6 филиал тұрақты түрде жұмысын жалғастыруда. Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайларына көңіл аударумен қатар үлкендердің басын қосып, жастар арасында тәлім-тәрбие жұмыстарына белсене араласуда. Оған дәлел, осы құрылымдардағы ата-әжелер әр аймақтағы оқу орындарымен, кітапханалармен және мәдени ошақтармен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Со-

нымен қатар ақсақалдардың бастамасымен қоғам мен мәдениет саласына сүбелі үлестерін қосып, бүгінде арамыздан озған қайраткерлердің есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында 44 азаматқа арналған «Құрмет тақтасы» олардың тұрған үйлеріне, еңбек еткен ғимараттарына орнатылды. Өнерлі қариялар ұлы сазгер – Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай, қазақ вальсінің королі-Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына, Ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған әдеби-мәдени шараларға белсене араласып, «Батагөйлер сайысы», «Қолөнер – халық мұрасы», «Термешілер байқауы» сынды түрлі рухани сайыстарда бақтарын сынады. Спорт саласында да белсенділік танытып, салауатты өмір салтын насихаттаудан жалыққан емес. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы-бүгінде ардагерлердің сүйікті ордасы санатында. Өнер – ең алдымен ұлтты танытады. Биыл қаламызда тұңғыш рет «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты әншілер байқауы өтті. Байқаудың мақсаты-халқымыздың дәстүрлі және заманауи өндерін жергілікті өнерпаздардың орындауында дәріптей отырып насихаттау. Халық арасында танылмай жүрген талантты ардагерлердің өнерін көпшілікке таныстыру. Олардың орындау шеберлігі арқылы ән дәстүрді жаңғырту, ұлттық болмысты нығайту болып табылады. Байқаудың іріктеу жарысына қаламыздың әр аумағынан 58 өнерпаз ардагер қатысты. Іріктеу сынынан сүрінбей өткен 17 үздік ардагер әншілер байқауының қорытынды Гала-концертіне көрермендерге жүрек

тебіренер әндерінен шашу шашып, өнерге деген ыстық ықыласымен тәнті етті. Оқалы шапан киген ақсақалдар мен ақ кимешекті әжелеріміз сахна төріне шыға келгенде бүкіл жан-дүниеміз тебіреніп, ұлттық рухымыз күшейе түскендей күй кештік. Ақсақалдарымыздың өнерге деген құлшынысы-өміршеңдіктің, рухани биіктіктің белгісі. Адам бойындағы табиғи дарынды жасырып қалу мүмкін емес. Жастары ұлғайса да, жалыны басылмаған ардагерлер шынайы шеберлік үлгісін танытып, жүректерінен шыққан өр әнді көрермен жүрегіне сіңіре білді. Алматы облысының, Талдықорған қаласының, Көксу ауданының Құрметті азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, байқауға қазылық жасаған Дина Нұрғалиқызы байқаудың өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын тебірене отырып атап өтті. «Ардагерлердің арасындағы белсенді азаматтар Еркін, Өтенай ауылы тұрғындары, қаланың ішіндегі бірнеше пәтер иелері кооперативтерінің төрайымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, өнерлі жандарды табуға үлестерін қосты. Үлкен сахнаға шығуды ойламаған ата-әжелердің дауыстары қандай керемет! «Гәккүді» шырқаған әкеміз Күләш Байсейітовадан кем түспеді. «Қарлығашты» нақышына келтіре орындаған апамыз музыкалық кәсіби білімі болмаса да, әнді сауатты орындап шықты. «Қарлығаш» әні Латиф Хамиди мен Ахмет Жұбановтың «Абай» операсында қолданған әні. Айта берсек, бүгін өнерлерін көрсеткен барлық ата-әжелерімізге таңдайымызды қағып,

тамсандық. Бәрі де ерекше құрметке лайықты», - деді. «Мерекке құтты болсын, ағайын! Қарт болудың өзі үлкен бақыт-түсінгенге. Халқымыздың қаншама асыл перзенттері, аяулы қыздары біз секілді 70-80 жасқа келмек тұрмақ, 60-қа да келмей кетті ғой. Оған қарағанда, тәубә, көрген-білгенімізді, жиған-тергенімізді жастарға айтып келе жатырмыз. Арасында осылайша ән де саламыз. Бұдан өткен бақыт бар ма. Концерт өте сәтті өтті. Оған үлес қосқан барлық азаматтарға зор алғысымды білдіремін», - деген қоғам қайраткері, танымал ақын, жазушы Әміре Әрін қатысушыларға құрмет ретінде Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас!» әнін тебірене орындап берді. Халқымыздың рухани мұрасын насихаттап жүрген ардагерлерге Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің атынан «Ықылас гүлі» тарту етілді. Байқау қорытындысында Рая Доспанбетова Бас жүлдені иеленсе, Ардақ Ибраимова – 1 орын, вокалды-аспапты «Ретро» және «Трио» тобы – 2 орын, Дариш Көңбай, Тұрсынғазы Жаманкөзов, Асхат Исатаев – 3 орын жүлделерімен марапатталды. Қалған барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлығы табысталды. Үлкенге қарап бой түзеуге үйренген халықпыз. Көргендігімен көсем, өнерге жаны құмар ардагерлердің өнері жас буынға теңдесі жоқ өнеге. Қарттық-шығармашылықтың жаңа тынысы болуы мүмкін. Шынайы өнер жасқа қарамайды, керісінше адамды жасартады. Жүректеріңізге әжім түспесін.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

107,3%

ӨНЕРКӘСІП
ӨНДІРІСІ

(125,0 млрд. теңге)



108,2%

ИНВЕСТИЦИЯ
КӨЛЕМІ

(49,1 млрд. теңге)



102,3%

АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

(22,3 млрд. теңге)



100,3%

ЖЕРГІЛІКТІ
БЮДЖЕТ

(40,2 млрд. теңге)



100,6%

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ
ІСКЕ ҚОСУ

(92,4 мың. ш.м)



107,2%

САУДА

(117,6 млрд. теңге)



131,5%

ҚҰРЫЛЫС
ЖҰМЫСТАРЫ

(32,6 млрд. теңге)



6 643

ЖҰМЫС
ОРНЫ

РУХАНИЯТ

ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру және оларды қолдай мақсатында мобильді топтың ұйымдастыруымен «Qosyl Jetisu» фестивалі өтті. Бағдарлама аясында Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қаламыздың белсенді жастарымен кездесті. Аталмыш шараға жоғары оқу орындары мен колледж білімгерлері, жастар ұйымдарынан 50-ге жуық адам қатысты.



Ернат Дүйсенбекұлы өзінің өмірлік тәжірибесі мен жетістіктері туралы әңгімелеп, білім алу кезеңі және қызмет жолы, қаланың алдағы даму жоспары жөнінде бөлісті. «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын - біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі егемен еліміздің болашағы сіздер үшін жасалып отыр. Біздің көз алдымызда жаңа жаһандық өркениет қалыптасуда. Цифрлық қоғамның, экономика мен білімнің дәуірі келді. Жан-жақты білім

алып, дамыңыздар, еңбекқорлық пен табандылық арман-мақсаттарыңызға жетелесін. Қандай қиындық кездессе де мойымай тек алға қарай қадам баса біліңіздер. Ел ертеңгі өздеріңіз тәрізді жастардың қарымына тікелей байланысты болмақ. Білікті де білімді, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өскен белсенді жастар қатары көбейе берсін!» - деді. Кездесу соңында жастар көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, өз ойларымен бөлісті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ӨЗЕКТІ

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ
КАРТАСЫ, МӘМС ЖҮЙЕСІ

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында «Отбасының цифрлық картасы» жүйесі аясында мемлекеттік қолдай шараларының тиімділігін арттыру және тұрғындарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тарту мәселелері бойынша кеңейтілген отырыс өтті.

Жиын барысында Жетісу облысы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» филиалының бөлім басшысы Мадина Нұрғалиева, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Мәди Шакенов, қала әкімі аппаратының бас инспекторы Салтанат Талдыбаева баяндама жасап, өз салаларындағы өзекті мәселелер мен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Сондай-ақ Өтенай және Еркін ауылдық округтерінің әкімдері, полиция басқармасы, мемлекеттік кірістер басқармасы мен қалалық медициналық мекемелердің өкілдері де отырысқа қатысып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Бүгінгі күні Талдықорғанда 30 мыңнан астам тұрғын МӘМС жүйесіне тіркелген. Бұл азаматтар профилактикалық тек-

серулер, скринингтер, УДЗ, МРТ, бейінді мамандардың қабылдауы және жоспарлы госпитализация сияқты кеңейтілген медициналық қызметтерді алу мүмкіндігінен айырылып отырғанын көрсетеді.

Отырыс қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков жауапты мекеме басшыларына тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, ведомстволық өзара іс-қимылды нығайтуды және бұл бағыттағы шараларға жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

МӘМС жүйесіне қатысу әрбір азаматтың сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алуына мүмкіндік береді. Осыған орай, тұрғындарды өз сақтандыру мөртебесін тексеріп, медициналық сақтандыру жүйесіне белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ23 ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕК –
ӨМІРДІҢ ӨНЕГЕСІ!

«Елдің еңсесін көтеретін – адал еңбек. Қай салада жүрсең де, маңдай термен келген жетістік – ең үлкен абырой», – деп атап өткен болатын Мемлекет басшысы.

Осы бір тағылымды сөздің айқын көрінісін біз қарапайым еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың өмірінен көреміз. Солардың бірі – Кербұлақ ауданы, Қаспан ауылының тумасы, бүгінде «Темірбетон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 23 жылдан бері абыройлы еңбек етіп келе жатқан Мырзашев Ермек Мақсанбайұлы.

«Темірбетон» ЖШС – Қазақстан Республикасындағы электр желілері, теміржол және азаматтық құрылыс үшін темірбетон бұйымдары мен конструкцияларының толық ассортиментін шығаратын жетекші кәсіпорындардың бірі.

Осындай ірі өндірісте формовщик мамандығының орны ерекше. Бұл мамандық иелері темірбетон, металл, пластмасса және басқа да бұйымдарды қалыпқа құю, пішіндеу, дайын өнімді қалыптан шығару жұмыстарын атқарады. Олардың міндетіне қалыптарды әзірлеу мен орнату, арматураны орналастыру, материалды құю және тығыздау, сапаны тексеру, сондай-ақ қалыптарды тазалау мен қайта дайындау кіреді.

Формовщик мамандығы иесінен жоғары жауапкершілік, техникалық сызбаларды түсіну, жабдықпен жұмыс істей білу және төзімділік талап етіледі.

Ермек Мақсанбайұлы да осы саладағы еңбек жолын 23 жыл бұрын формовщик қызметінен бастап, бүгінге дейін бір цехта



табандылықпен жалғастырып келеді. 54 жастағы маман кәсібилігін жетілдіру үшін жыл сайын арнайы емтихандар тапсырып отырады.

«Жұмыстың қиындығы болады, бірақ оған төзе білу керек. Жастарға айтарым: еңбектеніп, таза жұмыс істеңдер. Адал еңбек адамның ең үлкен байлығы. Еңбексіз жетістік жоқ, маңдай термен келген нан ғана тәтті. Бәрі де табандылық пен төзімнен басталады», – дейді ол.

Ермек Мақсанбайұлы – қарапайым еңбектің қадірін біліп, маңдай терімен отбасын асырап отырған нағыз еңбек адамы. Оның өмір жолы мен еңбекқорлығы жас буынға үлгі болып, елдің дамуына қосқан үлесі құрметке лайық!

Арай НҰР

ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН ЕСКЕРЕЙІК!

Талдықорған қаласында жылы-маусымдағы тұрғын үйлеріне газ тұтыну жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары өткізілді.



Іс-шараға қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Төтенше жағдайлар басқармасы және «QazAimaq» қызметінің өкілдері қатысып, газ және газбен жабдықтау саласындағы заң талаптарын сақтау жөнінде тұрғындарға мониторинг жүргізді.

Мониторинг мақсаты қала аумағындағы газ тұтыну жүйелері мен газбен

жабдықтау нысандарында техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу. Осыған байланысты мониторингтік топ газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіріп, ақпараттық-профилактикалық жұмыстарды күшейтуде.

Талдықорған қаласы әкімінің
баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!2026 ЖЫЛДАН БАСТАП САЛЫҚ
КОДЕКСІ ӨЗГЕРЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Ең басты өзгеріс – арнайы салықтық режимдердің (АСР) қысқаруы мен салық есептілігін оңайлату. Осындай ақпаратпен Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Жанар Нұршанова БАҚ

өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында бөлісті. Бұрын жеті түрлі режим болса, енді үшеуі ғана қалады. Атап айтсақ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған, оңайлатылған декларация негізіндегі және шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған режимдер.

Патент, бөлшек салық, мобильдік қосымша арқылы төлеу, бекітілген шегерім мен ауыл шаруашылығы өндірушілеріне арналған режимдер алынып тасталды. Бұл өзгеріс салық жүйесін түсінікті, ашық және бірізді етуге бағытталған.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Талдықорған қаласы Полиция басқармасының ювеналдық полиция тобы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда ҚПБ-ның аумағы бойынша 46 оқу орны бар. Әр әкімшілік аумаққа 16 ювеналдық полиция инспекторы бекітіліп, мектептермен тығыз байланыста қызмет атқаруда.

Ағымдағы жылдың алғашқы тоғыз айында Талдықорған қаласында жасөспірімдермен жасалған 18 қылмыс дерегі тіркелді. Арасында түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болғандар, темекі мен темекі бұйымдарын сатқан немесе пайдаланғандар, сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті бұзу сынды себептер бар. Бұл фактілер бойынша тиісті әкімшілік хаттамалар толтырылып, заң аясында шаралар қабылданды. Жалпы, білім беру мекемелерінің өкілдерімен және ата-аналар комитеттерімен бірлескен түнгі рейдтік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Бұл жөнінде Талдықорған ҚПБ ЖПҚБ ЮП ЖҰТ-ның инспекторы полиция лейтенанты А.Талғатова: «Ювеналдық полиция тобының инспекторлары білім беру мекемелерінің әкімшіліктерімен, психологтармен, Криминалдық полиция қызметкерлерімен, Учаскелік полиция инспекторларымен және Тергеу бөлімінің

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар айына 300 АЕК-тен (2026 жылы шамамен 1,3 млн теңге) аспайтын табыс тапса, табысының 4 пайызын ғана төлейді. Ешқандай декларация қажет емес, барлық есеп e-Salyq Business қосымшасы арқылы автоматты түрде жүргізіледі.

Оңайлатылған декларация режимінде кіріс шегі 600 000 АЕК болып бекітілді. Қызметкерлер санына шектеу жоқ, салық мөлшерлемесі 4 пайыз, жағдайға қарай 2-6 пайыз аралығында өзгеруі мүмкін. Бұл режим шағын және орта бизнеске арналған.

Шаруа және фермер қожалықтары айналымнан 0,5 пайыз салық төлейді және жер, көлік пен әлеуметтік салықтардан босатылады. Ауыл шаруашылығында ҚҚС есепке жатқызу 80 пайызға дейін ұлғайтылады.

Салық төлеушілер 2026 жылдың 1 наурызына дейін өз режимін таңдап, салық органына хабарлама беруі тиіс. Егер бұл мерзімде өтініш берілмесе, кәсіпкер автоматты түрде жалпыға бірдей тәртіпке өтеді. Жаңа кодекс салық есептілігін де жеңілдетеді. Қазіргі 39 есеп нысанының саны 30 пайызға қысқарады. Бірқатар есеп формалары жойылып, кейбірі біріктіріледі және автоматтандырылады. Егер салық төлеуші есепті уақытында тапсыруға үлгермесе, жүйе автоматты түрде нөлдік есептілік қалыптастырады. Бұл шағын бизнеске артық айыппұл мен бюрократиядан құтылуға мүмкіндік бермек.

Салық кодексінің басты мақсаты – кәсіпкерлер мен шаруаларға түсінікті, жеңіл және заманауи салық жүйесін қалыптастыру.

Арай НҰР

қызметкерлерімен бірлесіп оқушыларды құқықтық білімге, жыныстық сауаттылыққа және өз-өзіне қол жұмсау деректерінің алдын алу бойынша сабақтар ұйымдастырады және Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде оқушыларға ҚР ҚК және ӘҚБтК баптарын түсіндіріледі. Оқу орындарында салауатты өмір салтын насихаттайтын профилактикалық әңгімелер, диспуттар, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Жасөспірімдер арасында болсалау, зорлық-зомбылық және есірткіге қарсы бағыттағы фактілерді анықтау мақсатында психологтардың қатысуымен тренингтер және жасырын сауалнама жүргізіледі. Отбасылық-тұрмыстық жағдайларда балалардың зорлық-зомбылығын анықтау және алдын алу мақсатында ай сайын қолайсыз отбасыларды анықтау және есепке қою бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Ерекше бақылау және профилактикалық жұмыс, профилактикалық есепте тұрған кемелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен жүзеге асырылады. Тұрақты негізде орта мектептердің педагогтерін, психологтарын тартып, отбасындағы психологиялық ортаны тексеру мақсатында полиция басқармасында есепте тұрған қолайсыз жаңялар тұрғылықты жері бойынша тексеріледі»-деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚҰРМЕТТІ ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларының» 3-тарауына сәйкес, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиыны өтетіндігі жөнінде хабарлаймыз. Жиында Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-3» тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру мәселесі қарастырылатын болады.

Өтетін күні мен уақыты: 22.10.2025 ж., сағ.: 17:00.

Өтетін орны: Өтенай ауылы, №21 орта мектеп.

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Көкімбай Қожахметұлы көшесі	№12 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын үй алабы
2.	Әлімбаев Тәңірберген көшесі	№16 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. «Жастар-3» тұрғын үй алабы

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 2-та-

рауына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру бойынша көпшілік тыңдау өткізеді:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Серғали Күнчаев	№18 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың оңтүстік-батысында орналасқан (3 бөлімше)
2.	Абдықадыр Болсамбеков	№4 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың оңтүстік-батысында орналасқан (3 бөлімше)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылғы 21 қазан, сағат 17:00.

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Желтоқсан көшесі, 7 СТ-Е үй, № 30 орта мектеп.

Осыған орай, қала тұрғындарын аталған көпшілік тыңдаулар жұмысына белсенді түрде қатысуларын сұраймыз.

Анықтама телефондары:

«Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» ММ-нің ж. т.: 24-01-84;

«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің ж. т.: 24-13-48.

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

ТЕҢ МҮМКІНДІК –
ӨРКЕНИЕТ ӨЛШЕМІ

Әрбір баланың жүрегіне шексіз арман мен үміт бар. Сол арманның шындыққа айналуы ең алдымен оның алған тәрбиесіне, өскен ортасына және қоғамның оған деген көзқарасына байланысты. Бала қалай тәрбиеленсе, болашағы да солай қалыптасады. Ал, ерекше күтімді қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі балалардың тағдыры мен дамуы – бүкіл қоғамның жауапкершілігінде. Оларға қолдау көрсету, білім мен өмірге тең мүмкіндік беру – адамгершіліктің, меірім мен өркениеттіліктің өлшемі.



Мүмкіндігі шектеулі балалар – психофизикалық дамуында ерекшелігі бар нәрестелер мен жасөспірімдер. Бірақ бұл олардың дамуы тоқтаған деген сөз емес. Керісінше, олардың жарқын болашағын қалыптастыру – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Бүгінде әлемде 240 миллионнан астам мүмкіндігі шектеулі бала бар. Олар да толыққанды өмір сүруге, достар табуға, орта және жоғары білім алуға құқылы. Қазақстанда да мұндай балалар үшін жағдай жасалып келеді. Қазіргі таңда еліміздің бірқатар мектептерінде инклюзивті білім беру жүйесі енгізіліп, есту, сөйлеу, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы сыныптар ашылған. Мұндай сыныптарда ерекше білім беруді қажет ететін балалар өз қатарларымен бірге білім алып, қоғамға бейімделуге мүмкіндік алуда. Арнайы педагогтар, дефектологтар, логопедтер мен психологтар олардың жеке қабілетін дамытып, өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Сонымен қатар мектептерде қолжетімді орта – пандустар, лифтілер, арнайы оқу құралдары мен техникалық құрылғылар орнатылуда. Бұл бастамалар инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Жаңылхан СҰЛТАНОВА,
әлеуметтік қызметкер

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

В соответствии с главой 2 Приказа Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года №211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при наименовании, переименовании административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также уточнении и изменении

транскрипции их наименований» Постоянная комиссия Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры» проводятся публичные слушания по присвоению наименований составным частям города Талдыкорган:

№	Новое название	Прежнее название	Описание
1.	Серғали Күнчаев	Новая улица №18 без названия	3-отделение, расположенный в юго-западной части города.
2.	Абдықадыр Болсамбеков	Новая улица №4 без названия	3-отделение, расположенный в юго-западной части города.

Дата и время проведения: 21 октября 2025 года, 17:00 часов.

Место проведения: г. Талдыкорган, Отенайский сельский округ, с. Ынтымак, ул. Желтоқсан, д. 7 СТ-Е, средняя школа № 30.


В связи с этим, просим жителей города принять активное участие в данной работе публичных слушаний.

Телефоны для справок:

ГУ «Аппарат Талдыкорганского городского маслихата»: 24-01-84;

ГУ «Отдел культуры и развития языков города Талдыкорган»: 24-13-48.

Постоянная комиссия Талдыкорганского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры»



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел бюджеті көбіне күн көру қорына ұқсайтын. Кеден бекеттері, әсіресе Қытаймен шекарадағы бекеттер, қазынаға «нақты» ақша құятын аса маңызды күретауыға айналды. Басты басымдық даму емес, негізгі функцияларды қолдау болды: зейнетақы мен бюджет қызметкерлерінің жалақысын төлеу, армияны ұстау. Ірі жобалар сирек жүзеге асырылып, көбіне сыртқы қарыздар есебінен іске асты.

Мұнай бағасының өсуі бәрін өзгертті. 2000 жылы құрылған Ұлттық қор артық кірістерді жинай бастады, бұл салықпен толығымен бюджеттің еркін тыныстауына мүмкіндік берді. Қаражат әлеуметтік сала мен инфрақұрылымға белсендірек бағыттала бастады.

Бұл кезеңдегі шешуші оқиға 2010 жылы Кеден одағына (қазіргі ЕАЭО) кіру болды. Осы сәттен бастап барлық кеден бекеттерінен түсетін импорттық баждар ЕАЭО-ның ортақ қорына құйылады. Сол жерден Қазақстан

өзінің бекітілген үлесін алады. Бұл жүйе тауардың ортақ кедендік аумаққа ЕАЭО-ның қай елі арқылы кіргеніне қарамастан, түсімдердің тұрақтылығына кепілдік береді.

2022 жылы Жетісу облысының құрылуы өңірге жаңа серпін берді. Өзінің облыстық бюджеті пайда болды, оған енді облыс аумағында жиналған салықтардың бір бөлігі түседі. Бұл жергілікті билікке өзекті мәселелерді икемдірек шешуге мүмкіндік береді.

Алайда, ең көп қаражатты қажет ететін жобалар бұрынғысынша республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Мысалы, «Талдықорған – Өскемен» стратегиялық тасжолы мен жаһандық транзиттік дәліздің бір бөлігіне айналған «Алматы – Қорғас» автобаны қайта жаңарту сияқты жобалар. Алакөл мен Балқаш көлдеріне апаратын жолдарды жөндеу туристік кластердің дамуына тікелей әсер етеді. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның (арнайы экономикалық

аймақ) дамуы жұмыс орындарын ашып қана қоймай, республикалық бюджетке қомақты салықтық және кедендік алым – экономиканы нәрлендіретін қан тамшысы. Жас Жетісу облысы үшін бүгінде бұл қаржы ағындарының мол болып, әрбір маңызды нүктеге жетуі, сапалы жолдарға, заманауи мектептерге және абаттандырылған ауылдарға айналуы бұрынғыдан да маңызды. Бұл процесте мемлекет қана емес, сонымен бірге белсенді, бейжай қарамайтын қоғам да шешуші рөл атқарады.

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

САЛЫҚТАР МЕН БАЖДАРДЫҢ ОБЛЫС БОЛАШАҒЫНА ӘСЕРІ

Импорттық тауар үшін салық немесе кедендік баж төлеген сайын, біз күрделі қаржылық тәтікті іске қосамыз. «Жол» немесе «зейнетақы» салықтары туралы аңызға қарамастан, бұл ақшаның нақты мақсатты белгісі жоқ. Олар бірыңғай мемлекеттік бюджетке жиналып, сол жерден өзендер секілді бүкіл елге тарап, өңірлерді нәрлендіреді. Қазақстан мен жас Жетісу облысының мысалында есептердегі дерексіз сандардың нақты инфрақұрылым мен әлеуметтік үлгіліктерге қалай айналатынын қарастырайық.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Талдықорған қаласында Жетісу облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің күзгі ЖӘРМӨҢКЕСІ өтеді

18
ҚАЗАН



8:00



Талдықорған қаласы,
Желтоқсан көшесі 19/5,
«Әлеуметтік базар»

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау мониторингін жүргізу жөніндегі жоспар-кестесін бекітті.

Аталған жоспар-кестеге сәйкес, төрт объекті бойынша мониторинг жүргізу жөзделген. Осыған байланысты 2025 жылдың III тоқсанында Департамент Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасының қызметіне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету бөлігі бойынша мониторинг жүргізуде.

Мониторингтің мақсаты-мемлекеттік қолдау көрсету кезінде бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманың талаптарының сақталуын бағалау, сондай-ақ бәсекелестікті шектеуге әкеп соғуы мүмкін ықтимал бұзушылықтардың алдын алу.

Мониторинг нәтижелері бойынша, егер бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, Департамент заңда белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қабылдайтын болады.

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ МОНИТОРИНГ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Агенттік Төрағасының 2022 жылғы 28 наурыздағы №4 бұйрығымен бекітілген мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне кезекті мониторинг жүргізуде.

Мониторингтің мақсаты – мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлерін құру, кеңейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алуын, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған қызмет түрлерін ғана жүзеге асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған мониторинг су шаруашылығы саласында қызмет атқаратын мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты, 2025 жылдың 1 қазаны мен 1 желтоқсаны аралығында Департамент басшысының бұйрығымен бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүргізіледі.

NAVAL ДИЛЕРІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЙДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Талдықорған қаласындағы Naval маркалы автокөліктердің ресми дилерінің қызметіне қатысты азаматтың өтінішін қарады.

Өтінішті қарау барысында «DAS AUTO» ЖШС (Naval ресми дилері) сату-сатып алу шарттарына автокөлік иелерін тек белгілі бір сервис орталықтарында ғана техникалық қызмет көрсетуден өтуге міндеттейтін талап енгізгені анықталды. Аталған талап орындалмаған жағдайда, автокөлікке берілген кепілдік міндеттемелері тоқтатылған.

Мұндай шарттар тұтынушылардың құқықтарын бұзады және автокөліктерге кейінгі техникалық қызмет көрсету нарығындағы бәсекелестіктің дамуына кедергі келтіреді.

Анықталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында Департамент компанияға тиісті хабарлама жіберді. Қазіргі уақытта хабарлама орындалды, даулы тармақ шарттардан алынып тасталды.

ПРОВОДИТСЯ МОНИТОРИНГ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу утвержден план-график проведения мониторинга соблюдения требований законодательства Республики Казахстан в сфере защиты конкуренции при предоставлении мер государственной поддержки.

В рамках указанного плана-графика предусмотрено проведение мониторинга в отношении четырех объектов. В этой связи в III квартале 2025 года Департамент осуществляет мониторинг деятельности Управления общественного развития области Жетісу в части предоставления мер государственной поддержки.

Цель мониторинга – оценка соблюдения требований антимонопольного законодательства при предоставлении государственной поддержки, а также предупреждение возможных нарушений, способных ограничить конкуренцию.

По итогам мониторинга, в случае выявления нарушений законодательства в сфере защиты конкуренции, Департамент примет соответствующие меры реагирования в установленном порядке.

НАЧАЛСЯ МОНИТОРИНГ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проводится мониторинг деятельности государственных предприятий в соответствии с Правилами проведения мониторинга, утвержденными приказом Председателя Агентства от 28 марта 2022 года №4.

Цель мониторинга – обеспечение соблюдения требований антимонопольного законодательства при создании, расширении и (или) изменении видов деятельности государственных предприятий, а также проверка осуществления ими исключительно тех видов деятельности, на которые получено согласие антимонопольного органа.

Мониторинг проводится в отношении государственных предприятий, осуществляющих деятельность в сфере водного хозяйства, в период с 1 октября по 1 декабря 2025 года согласно план-графику, утвержденному приказом руководителя Департамента.

ДИЛЕР NAVAL УСТРАНИЛ НАРУШЕНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции РК по области Жетісу рассмотрел обращения гражданина, касающиеся деятельности официального дилера автомобилей марки Naval в городе Талдықорған.

В ходе рассмотрения обращения установлено, что ТОО «DAS AUTO» (официальный дилер NAVAL) включало в договора купли-продажи условие, обязывающее покупателей проходить техническое обслуживание исключительно в определенных сервисных центрах. При несоблюдении данного требования гарантийные обязательства прекращались.

Указанные условия нарушают права потребителей и создают препятствия для развития конкуренции на рынке послепродажного обслуживания автомобилей.

Для устранения выявленных нарушений Департамент направил в адрес компании соответствующее уведомление. В настоящее время Уведомление исполнено, спорный пункт исключен из договоров.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1065 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712. 11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.